# ТВ-Антенна DEXP Ellipse 25

**Құрметті сатып алушы!**

«DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біз сапасына, функционалдығына және дизайнына қойылатын жоғары талаптарға сәйкес жасап шығарылған және дайындалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз Пайдалануды бастар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күтіп ұстау бойынша ұсынымдар берілген. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және оны бұйымды одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

**Тағайындалуы**

Осы құрылғы UHF және VHF-диапазондарында аналогты және цифрлық ТВ-сигналдарды қабылдауға арналған. Осы антенна активті болып табылады. Сіз оған қуат көзін беріп, USB кабелін теледидардың немесе ТВ тіркеменің USB портына қосу арқылы сигнал қабылдануын жақсарта аласыз. Құрылғы қолданыста өте қарапайым, дегенмен осы пайдаланушы нұсқаулығын оқып, оны келешекте пайдалану үшін сақтау ұсынылады.

**Жиынтық**

ТВ-антенна, адаптер, стикерлер, USB-кабель, пайдаланушы нұсқаулығы, кепілдік талоны.

**Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары**

- Құрылғы дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5 °C-тан 40 °C-қа дейінгі ауа температурасында және 80 %-тен аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдар, сілтілер булары) болмауға тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы керек.
- Құрылғы мұқият өңдеуді қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғалдан, оттан және т.б. қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу РҚ қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі керек.
- Осы бұйымды кәдеге жарату қалдықты қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен қағидаларға сәйкес жүзеге асырылу керек. Осы өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып,  қалдықтарды бақылаусыз шығару және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалану нәтижесінде сіз қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиян келтірудің алдын алуға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу авторизацияланған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

**Сақтық шаралары**

- Өрт немесе электр тогы соғуы қаупінің алдын алу үшін құрылғыға кез-келген сұйықтықтың түсуіне жол бермеңіз.
- Құрылғының корпусына бөгде заттарды қоймаңыз.
- Құрылғыны құрғақ және желдетілетін жерге қойыңыз. Жылыту құралдарының жанына орналастырмаңыз, күн сәулесі, механикалық вибрация, ылғал және тозаң әсеріне ұшыратпаңыз.
- Ашық от көздері, мысалы жағылған шамның антеннамен жанасуға тыйым салынады.
- Суықта ұзақ уақыт болғаннан кейін, қосудан бұрын құрылғыны бөлме температурасында 1 сағат ішінде шыдату керек.
- Егер ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз немесе найзағай алдында антеннаны барлық басқа құрылғылар мен қуат көздерінен ажыратыңыз. Найзағай кезінде құрылғыға тиіспеңіз.
- Құрылғыны тазалау үшін ешқашан қажақты материалдарды немесе органикалық қосылыстарды пайдаланбаңыз (алкоголь,бензин және т.б.). Тазалауды бастаудан бұрын әрқашан антеннаны қуат көзінен және басқа құрылғылардан ажыратыңыз.
- Құрылғы олардың қауіпсіздігі үшін жауапты басқа тұлғалардың бақылау жүргізетін жағдайларды қоспағанда, физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі тұлғалар мен балалардың пайдалануы үшін тағайындалмаған. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.

**Техникалық сипаттамалары**

- Модель: Ellipse 25.
- Жиілік диапазоны: VHF — 170-230 МГц, UHF — 470-860 МГц.
- Жұмыс диапазондары: VHF/UHF.
- Күшейту коэффициенті: 20±5 дБ.
- Жұмыс кернеуі: 5 В, 50 мА.
- USB кабельдің ұзындығы: 1,5 м.
- Коаксиалды кабельдің ұзындығы: 3 м.

**Орнату**

- Антеннаны кедергі көздерінен алшақ ұстаңыз: олар кондиционер, лифт, фен, СВЧ-пеш және т.б. сияқты энергияны көп тұтынатын құрылғылар болуы мүмкін.
- Антеннаны үстелге орнатып, ТВ артындағы қабырғаға немесе терезеге жапсырыңыз.

**Қосу**

- Антеннаның USB-кабелінің коннекторын өз ТВ-ңыздың USB-жалғағышына қосыңыз.
- ТВ-кабельді ТВ немесе цифрлық тюнердегі антеннаға арналған жалғағышқа қосыңыз.

**Сигнал қабылдау**

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** сигналды қабылдау сапасы антеннаның сипаттамасына ғана емес, сондай-ақ келесі факторларға тәуелді: ретранслятордан қаншалықты алыстатылған, ретрансляторды тарату қуаты, құрылыс тығыздығы және ландшафт қандай, қай қабатта тұрасыз және терезелер қай жаққа шығады, өнеркәсіптік және тұрмыстық кедергі деңгейі қандай. Қабылдау антеннасы тарату станциясына жақын болған сайын, қабылдау сапалы болады.

**Кепілдік міндеттемелері**

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйым сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс жағдайда істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі мына адрес бойынша:
https://www.dns-shop.ru/technical-support/

Кепілдік мерзімі: 12 ай.
Пайдалану мерзімі: 24 ай.

**Қосу схемасы**

**МАҢЫЗДЫ:** осы антенна тікелей ТВ-ге немесе цифрлық тюнерге қосылуы мүмкін. Төменде екі қосу тәсілі көрсетілген.




**Қосымша ақпарат**

**Өндіруші:** Чжуншань Ваньлитун Антенна Эквипмент Ко., Лтд.
Аньлэ өнеркәсіптік аймағы, Гуанчжу тас жолы, Дунфэн, Чжуншань қ., Гуандун пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**
ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нур-Султан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.
**Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**
«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Өнімнің ерекшелігі мен ол туралы ақпарат пайдаланушыға хабарлаусыз өзгертілуі мүмкін. Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы:
www.dexp.club

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.